

среднему классу, который имеет мировую тенденцию переезжать жить в пригород по мере роста экономики, качества жизни и развития процесса субурбанизации. Таким образом, жилищные характеристики и территориальные аспекты качества жизни становятся одними из определяющих для выделения среднего класса и его идентификации и репрезентации в обществе. С этой позиции, исследование среднего класса как «жилищного класса» является перспективным концептуальным подходом.

Естественно, выдвинутые авторами исследовательские вопросы существования феномена жилищного класса в условиях субурбанизации требуют более полного и внимательного изучения с точки зрения социологии, их подтверждения или опровержения.

На сегодняшний день изучение проблем развития городской среды ограничены весьма небольшим числом исследований. Несмотря на актуальность, проблема социального проектирования городов и прилегающих к ним территорий, а тем более изучение влияния развития городской агломераций на процессы социальной стратификации не привлекают еще должного интереса ученых теоретиков и практиков, что требует восполнения данного пробела.

1. Буравой М., Кротов П.П., Лыткина Т.С. От деревянного Парижа к панельной Орбите: модель жилищных классов Сыктывкара. – Сыктывкар, 1999. – 520 с.
2. Max Weber. Class, status and party. – NY: Free press, 1966. – 320 p.
3. Уорнер Ллойд. Биографическая справка //http://socio.rin.ru/cgi-bin/article.pl?id=409
4. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социологический словарь. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1997. – 490 с.
5. Вагин В. Социология города. // http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Sociolog/Vagin/03.php
6. Вирт У. Урбанизм как образ жизни. // http://www.urban-club.ru/p=99
7. Забирова А.Т. Новые урбанистические реалии и формы в Астане. // Феномен социальной инженерии: опыт и реконструкция будущего. Материалы международно-практической конференции. – Алматы: Рикс, 2010. – С.147-151.
8. Абжалиева А.Т. Урбанизация и ее социальные последствия. Дисс. На соис. степ. к.соц.н. – Алматы, 2001. – 147 с.
9. Субурбанизация – закономерный этап развития процесса урбанизации //www.arzproect.narod.ru/proecty/ugroza/urbanizaciya/_private/new_page_7.htm
10. Назарбаев Н.А. В сердце Евразии. – Алматы, 2005 – 240 с.

Бұл мақалада «тұрғын үй классы» феноменіне арналған және оның құрылу мүмкіндігінің субурбанизация жағдайында Алматы қаласының мысалында көрсетілген.

This article is devoted to the study of the phenomenon of «housing class» and opportunity of his forming on the example of Almaty in the conditions of a suburbanization.

С.А. Амитов, С.М. Болысбаева

СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ВИЗУАЛДЫ ӘДІСТЕРІ

Социологияның ғылым ретінде дамуының қазіргі кезеңінде визуалды социология әдіс ретінде социологияның сапалы әдістерінің қатарына кіреді. Шетелдік кітаптар, монографиялар мен мақалаларда визуалды социологияның деректі базасына фотосуреттерді, видеофильмдер, суреттер, сызбалар мен графиктерді жатқызады.

Sociological imagination – қазіргі заманғы социологияның негізгі әдістемелік және әдістік тұжырымдамаларының бірі. Бұл ұғымды Ч.Р. Миллс социологиялық жалпылаудың қағидаларын көрсету үшін, яғни жалпыланған категорияға немесе үрдіске нақты фактілерді келтіру мақсатында енгізген болатын [1].

Алғаш рет визуалды материалдарды антропологияда пайдалану ХХ ғасырдың 40-жылдары қолданылған болатын. Ол антропологияның зерттеу объектісінің өркениеттен шалғай жерлерде тұратын ұлыстар мен халықтардың мәдениеті болуымен түсіндіріледі. Ұлттардың рухани немесе материалдық мәдениетін зерттеуде ешқандай мәтіндік құжаттар болмағандықтан бірқатар қиындықтар туындап, зерттеушілер мәселені талдау кезінде видеотүсірілімдер мен фотосуреттерді қолданған. Материалды мәдениетті зерттеуде бұл әдісті Г. Бэйтсон мен М. Мид пайдаланған.

Социологияда визуалды социологияға деген қызығушылық постструктурализм мен семиотика шеңберінде П. Бурдые, М. Фуко, Р. Барта және т.б. еңбектерінде пайда болды.

Ең алдымен социологтар әр түрлі тарихи оқиғалардың фотосуреттеріне, сонымен қатар фотосуреттер мен биліктің өзара қарым-қатынасына, визуалды қайта таныстыруларда түрлі идеологиялар мен бақылау стратегияларының бейнесіне назар аударды. П. Бурдые бойынша фотосурет, ең алдымен, әлеуметтік рөл мен стратификациялық айырмашылықтарды көрсетеді, ал барлық жеке ерекшеліктер маңызды емес болып қалады. Р. Барт семиотикалық ыңғайдың негізін салып, фотосуреттерде көрініс тапқан айырмашылықтарға талдау жасады [2].

Визуалды социологияның дамуына үлкен үлес қосқандардың бірі П. Штомпка [3,4]. Ол визуалды социологияға терең талдау жасап, пән саласын нақты анықтаған болатын. Визуалды елестету саласында, яғни арнайы жасалынған суреттерде (мысалы, өнер саласында, жарнама, бұқаралық ақпарат құралдарында) ғана емес, жалпы қоғамдық өмірде көрініс табатын оның визуалды көріністері де жатады.

Визуалды түсініктер мен визуалды көріністер қоғамның визуалды жиынтығын, басқаша айтқанда, «қоғамдық иконосаласын» құрайды. Осының өзі визуалды социологияның пәні болып табылады. Зерттеу пәні болып тек суретке түсірілгендер ғана емес (фотосуреттік бейне немесе визуалды сұлбалар), суретке түсіруге болатын заттар да табылуы мүмкін (қоғамдық өмірдің іштей қабылданатын аспектілері, яғни фотоаппараттың объективіне түсіріп алуға болатын қоғамның визуалды көріністері). П. Штомпка визуалды социологияның жеке таным объектісі ғана емес, одан да көп затты, атап айтқанда, қоғамдық өмірді тану құралы болып табылатын фотосуреттік бейнеге аса үлкен назар аударады.

Визуалды ақпаратты қолдана отырып, социолог социологиялық елестету көмегімен қоршаған әлеуметтік әлемнің құбылыстары мен процестерінің мәніне терең енуі мүмкін. Мұндай жағдайда өмірдің бұл көріністеріне талдау жасау мен оның социумға әсері социологтарға – әдеттегі әдістердің шегінен шығуға, ең бастысы, әлеуметтік шынайылықты тану мүмкіндігін кеңейтуге үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен, визуалды социология жаңа үлгідегі, жаңа сәндегі індет болып табылмайды. Мысалы, фотосурет визуалды социологияның бір компоненті ретінде кейбір жағдайларда ғана қолданылатын. Бірақ көптеген социологтар визуалды материалдарды иллюстрациялар, құжаттық дәлелдемелер, архивтік құжаттар ретінде пайдаланып, оларға толық талдау жасамайды [3].

Бүгінгі таңда шетелдік әдебиеттерде визуалды социология социологияның жеке бір бағыты ретінде қалыптасуда: жеке пәндер, курстар, семинарлар жүргізіледі, ғылыми журналдар шығарылып, конференциялар өткізіледі; бірақ визуалды социологияның толыққанды қалыптасуы мен институционализациялануы туралы айту әлі ерте. Бұл бағыттың қалыптасуына қандай да бір әлеуметтік мәселені зерттеуде сапалы әдістерді терең қолдану мен оның дамуы түрткі болған. Мысалы, бақылаудың, фокус-топтың, терең сұхбат жүргізудің бірнеше түрлерін қолдану талдау мен түсіндіруді талап ететін фотосуреттер, видеоақпараттар мен сызбалардың пайда болуына әкелді. Әлеуметтік мәселелерді зерттеуде сапалы әдістерді қолдану ақпарат берушіден мәлімет алудың видеоталдау сияқты формалары мен әдістері бар түрлі эксперименттерге және талдаудың жаңа түрлеріне алып келді.

Мұнда тағы бір айта кететін жағдай, визуалды социологияның дамуының негізгі факторларына XIX ғасырда фотосуреттердің, XX ғ. 80-жылдарындағы сандық видеокамералардың пайда болуы, ал бүгінгі таңда визуалды бейнелерді қалыптастыруда мобильді телефондар үлкен рөл атқаруда. MMS хабарламаларының арқасында мобильді телефон иелерінде өзінің ұялы телефондарына тек мәтіндерді ғана емес, сонымен қатар графика, музыка және видеоларды жіберіп, қабылдау мүмкіндіктері туды. Ақпараттық сауаттылық пен интернет технологияларының дамуы қолданушыларға шынайы өмірден тыс «виртуалды кеңістіктерді» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Интернетте адам өзіне шынайы өмірден басқаша, жаңа имидж жасап, өзін басқаша қырынан ұсынуы мүмкін. Мұндай жаңа онлайндық бейнені бірінші кезекте жастар игереді.

Контент-талдау көбінесе өзара салыстырылатын тұжырымдамалар немесе маңызды идеялардың белгілі бір саны айқын көрсетілетін мәтінді, жазбаша мәтінді талдау кезінде қолданылады. Бірақ ұқсас мүмкіндіктер фотосуреттерге негізделген кезде де болады. Мұнда, әрине, әдісті стандарттау, ресмилеу тәсілдерін табу қиынға түседі. Бірақ оны жасауға болады. Мысалы, фотосуреттік материалдарды уақыт тұрғысынан қарап отырып, белгілі бір кезеңде газеттегі фотоматериалдарды байқауға болады. Мысалы, белгілі бір уақыт аралығында саяси толқулар немесе террор туралы ақпарат газет беттерінде көрнекі түрде қаншалықты уақытта шығып тұрады. Мұндай жағдай он, бес немесе бір жыл бұрын қалай болды: террористік актілер туралы хабарламалар визуалды

материалдармен сүйемелденді ме? Міне осыны бақылап, талдау жасау. Осылайша, контент-талдаудың ерекше бір түрін жүргізіп, тіпті кейбір үрдістерді де байқауға болады.

Басқа бір әдіс – классикалық социологиялық сұхбат. Мұнда фотосуреттің маңызы зор. Бұл әдістің қандай да бір әлеуметтік ортаның фотосуреттерін сол жерде тұратын адамдарға көрсету барысында көмегі тиюі мүмкін. Фотосуреттерді адамдарға көрсете отырып оларды талқылайсыз, талқылау барысында сол қауымдастық туралы қызық ақпараттар, адамдардың өзара қарым-қатынасы, ондағы көшбасшыны, маргиналдарды, бай және кедей адамдарды анықтауға болады. Бұл өте оңай. Жай ғана сұрақтар қойғаннан гөрі, респонденттерден қажетті ақпараттарды қолдағы фотосуреттерді көрсету арқылы алған әлдеқайда оңай. Бұл фотоматериалдардың пайдасы зор болатын әдістердің бірі.

Зерттелуге алынған сурет әр түрлі сипатта болуы мүмкін: жалпы немесе нақты. Бірінші жағдайда, түрлі элементтерге толы, күнделікті өмірге тән қандай да бір оқиға көрсетіледі. Мысалы, адамдарға толы қала көшесінің суреті делік. Зерттеушіні қызықтыратыны, зерттелуші осы аласапыранның ішінен нені бірінші таңдап алады, нені маңыздырақ деп есептейді екен. Ал екінші жағдайда, суреттер дәлірек, нақтырақ болып келеді. Мысалы, көшедегі демонстрация. Бұл жерде зерттеуші зерттелушінің контестация, наразылық, саяси жанжал мен оған қатысуы туралы ойын білгісі келеді.

Бұл стратегия әр түрлі болып келеді. Оның бір түрі ретінде күнделікті тәжірибеге тән емес жағдайлар, мысалы, гомосексуалистердің, нашақорлардың, жезөкшелердің, трансвеститтердің суреттерін көрсету арқылы зерттелушінің толеранттық деңгейін анықтау мүмкіндігі туады. Тағы бір нұсқасы – ол зерттелушінің эмоционалды позициясын анықтау мақсатында зорлық, терроризм, қылмыс сияқты састыратын суреттерге негізделеді. Мұндағы маңызды бір ерекшелік – ол суреттерді зерттелініп отырған адамдардың қоршаған ортасына, туыстарына және алыс туыстарына, экзотикалық деп бөліп қарау. Зерттелініп отырған адамның бірінші және екінші жағдайға реакциясы бізге екі түрлі ақпарат беруі мүмкін. Біріншісінде адамның күнделікті өмірдегі өзін-өзі теңестіруі, бір нәрсені жақтырмауы, алшақтығы, өшпенділігі туралы тереңірек білім аламыз. Екінші жағдайда, олардың ксенофобияға деген көзқарасы, басқаларға жеккөрушілікпен қарауы немесе керісінше, алыстағы топтарға деген ұмтылысын немесе өмір сүрудің басқа жағдайлары туралы армандайтындығын біле аламыз.

Дж. Грэди визуалды социология әлеуметтік ғылымдарға не істей алады дей отырып, визуалды социологияның пәнін айқындауға тырысты. Оның жазуы бойынша, визуалды мәліметтер бізге өзіміздің кеңістікті темпоралды қоршаған ортамызбен, ондағы болып жатқан құбылыстарға біздің реакциямыз туралы ақпарат беруге лайықты болса, онда әлеуметтік ғылымдардағы маңызды бес ұзақмерзімді бағыттар көрсетіледі. Олар өз кезегінде визуалды материалдарды мәлімет ретінде пайдаланудан көбірек пайда алады. Бұл бес бағытқа келесілерді теңбе-тең суреттеу мен бағалау жолдарын табу жатады:

- вариацияның мінез-құлық үлгісі (шаблондар) мен өзгеруі қалай әлеуметтік және мәдени ұйымдастырылды;
- әлеуметтік ұйымдастырудың интеграциялық деңгейі қандай;
- әлеуметтік процестер қалай ұйымдастырылады;
- біз қандай да бір жағдайларға эмоционалды түрде қалай жауап қайтарамыз;
- зерттеу олжасы нақты және тиімді түрде қалай ұсынылады.

Фотосуреттік сұхбат әдісінің өзіндік артықшылықтары бар, ол – зерттелініп отырған адамның реакциясын ояту оңайлығы. Зерттелініп отырған адаммен бірге отырып суреттерді қарау және оларға түсіндірме беру зерттелушіге вербалды сұрақтарға жауап бергеннен гөрі табиғи болып көрінеді. Фотосуреттік сұхбат кезінде жай сұхбат кезіндегідей иерархиялық, алшақтық қатынас емес, зерттеуші мен зерттелініп отырған адамның арасында серіктестік, туыстық және эгалитарлы қарым-қатынас орнайды.

Фотосуреттік сұхбаттың күрделірек нұсқасы фотосуреттерді топтық сұхбатта, фокус-топтарда қолдану болып табылады. Бұл пікір-таластың фокусы деп жеке суреттер, олардың мәні, олардың бейнелеген мәселелерін айтуға болады.

Зерттеуші топқа сурет немесе бірнеше суреттерді ұсынып, оларға талқылау жүргізуді бақылап, тіркеп отырады. Мұнда процедура тақырып пікір-таластырушылардың спонтанды кең ассоциацияларына негізделіп жалпы сипатта қалыптасса ашық түрде болады, ал зерттеуші топқа алдын-ала дайындалған сценарийге түсіндірме берулерін көздесе ол құрылымды болып келеді. Бұл әдістің жемісті болуының кілті – пікір-таластырушыларды мұқият іріктеу болып табылады. Зерттеуші топты гомогенді, яғни бір ортадан таңдалынып алынған – кәсіби, этникалық, жас ерекшелігі бойынша құруы мүмкін. Мұндай жағдайда пікір-талас жалпы ой-пікірлер мен

ұстанымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Басқа жағдайда көзқарастардың әр түрлі болып қалыптасуы, олардың қарама-қайшылығы туралы әңгіме қозғалуы мүмкін. Онда топты гетерогенді етіп жасауға тырысу керек (яғни құрамында әр түрлі ортаның өкілдері мен қоғамдық категориялар болуы керек). Әрине, барлығы қойылған зерттеу мәселесіне байланысты болып келеді [4].

Келесісі – ол Ф. Знанецкий жеке құжаттарды талдау әдісі деп атаған әдіс. Жеке құжаттарды талдау әдісі – адамдармен жазылған құжаттардың түпнұсқасын зерттеу. Мысалы, хаттар, күнделіктер немесе адамдардың тікелей эмоциялары көрініс табатын мемуарлар. Ф. Знанецкий АҚШ-тағы поляк эмигранттарының отандарына жазған хаттарын зерттеумен айналысқан. Осы сияқты фотосуреттерді де қолдануға болады, яғни, жеке фотосуреттер топтамасын (коллекциясын) да зерттеуге болады. Әдетте адамдардың бізді бұрынғы уақыттарға сапар шектіретін топтамалары болады. Мұнда портреттер жинағын немесе отбасылық оқиғаларды сипаттайтын суреттерді табуға болады. Мұндай топтамаларды қолдану адамдардың шынайы өмірін түсінуде, сол кездерде олар үшін не маңызды болды, олар немен айналысты, олардың кәсіби мансабы қалай жүзеге асты деген сияқты сұрақтарға жауап алуда өнімді болуы мүмкін [5].

Біздің ойымызша, визуалды социологияның іс-әрекет саласын анықтауға тырысу барысында, визуалды социология – бұл әлеуметтік құрылымның бір бөлігі болып табылатын индивидтер мен түрлі әлеуметтік топтардың визуалды бейнелерді қабылдауы, осы бейнелердің мәнін түсіндіру, құру және қайта құру туралы ғылым деп шамалап айтуға болады. Осылайша, визуалды социологияның объектісі фотосуреттік бейне, видеофильм, картина, графиктер мен сызбалар, ал пәні деп заманауи әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар мен процестер бейнеленетін терең мәні бар түсініктеме беруді айтуға болады. Қазіргі жағдайды жалпы сипаттай отырып, визуалды қайнар көздерді зерттеуге зерттеудің ресурсы, объектісі мен негізгі сюжеті ретінде қолданылуға болатын жиынтықты жатқызуға болады. Әсіресе отбасылар мен биографияны (ретроспективті әдіс) зерттеуде визуалды әдістер нық бекітілген. Мұнда фотоальбом хикаяны (нарратив) құру мен талдау объектісі болып табылады. Осыдан бірнеше уақыт бұрын социологтар мен антропологтар визуалдылық әлеуметтік болмыстың, оны қайта құру мен қайта ұсынудың негізгі траекториясын жасайтын бірінші өлшеуіші деген тезисті бөлісіп келсе, бүгінгі таңда ол есту, көру, иіс сезімі сияқты өлшеуіштердің қатарында.

1. Миллс, Чарльз Райт. Социологическое воображение. - М.: NOTA BENE, 2001. – 263 с.
2. Печурина А.В. Визуализация социальных исследований: новые данные или новые знания? // Социологический журнал. - 2007. - № 3. - С. 81-89.
3. Семина М.В., Ганжа А.О. Визуальная социология и развитие социологического воображения // Журнал социологии и социальной антропологии. - 2008. - Том XI. - № 2. - С. 153-157.
4. Штомпка П. Визуальная социология. Фотография как метод исследования. - М.: Логос, 2007. - 168 с.
5. Штомпка П. Введение в визуальную социологию. // INTER (интеракция, интервью, интерпретация). – 2007. - № 4. - С. 6 – 12.

В данной статье социально-философском и культурологическом контексте рассмотрены теоретические основания и практика использования фотографии как метода социологического исследования.

The theoretical bases and practice of use of pictures as a method of sociological research in social-philosophical and culturological context are considered.

Ә.Т. Омарова, С.М. Дүйсенова

БІЛІМ БЕРУ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Білім беру – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа әлеуметтік тәжірибені және білімді берудің күрделі процесі. Атап айтқанда, білім - бұл жүйелік білімді беру және ол өркениетті қоғамда орын алған көп түрлі компоненттер мен элементтердің болуын талап етеді. Білім беру – міндетті екі субъектісі – мұғалім және білім алушы, яғни оқытушы және оқушы бар, ұйымдастырылған процесс. Осы субъектілер болмаса білім беру процесі болмайды. Білім беру процесі әлеуметтік тәжірибе немесе өткен ұрпақтың қалдырған білімге, нақты материалдарға негізделген, мақсатқа бағытталған процесс.